

Қазақстан Іскерлік белсенділік индексі

Сәуір 2022 жыл

Сурет: Владислав Воднев



МАЗМҰНЫ

01 Іскерлік белсенділік индексі

02 ҚР сауда серіктес елдерінің PMI динамикасы

03 Бизнес-ахуал индексі

04 Іріктеме бойынша ақпарат


05 Әдіснамалық түсіндірме



ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК ИНДЕКСІ

ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК ИНДЕКСІ

ІБИ динамикасы



** Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.*


2022 жылғы сәуірде нақты сектордағы 465 кәсіпорынға жүргізілген ай сайынғы сауалнаманың нәтижелері бойынша экономикада іскерлік белсенділіктің ақырындап қалпына келе бастағаны байқалады. Іскерлік белсенділік индексі **49,5 дейін** көтерілді (наурызда – 48,2), алайда екі ай қатарынан төмендеу аясында қалып отыр.

Іскерлік белсенділіктің өсуі тек өндіріс саласында орын алды: индекс **50,5**-ке дейін жоғарылады (наурызда – 50,0). Қалған секторларда индекс 50 ден төмен мәнге ие болды. Қызмет көрсету секторы мен тау-кен өнеркәсібінде іскерлік белсенділік қалпына келе бастады (сәйкесінше, **49,6** және **49,9**), ал құрылыс саласында 4 ай бойын индекстің төмендеуі жалғасуда (**44,5**).


Барлық секторлардағы кәсіпорындар жеткізу мерзімдерінің ұзарғанын атап өтті, ал құрылыс кәсіопорындары жаңа тапсырыстардың айтарлықтай төмендегенін және жұмыспен қамту деңгейінің төмендегенін хабарлайды. Өндіріс пен тау-кен өнеркәсібінде тауарлық-материалдық қордың көлемі артты.

- *Іскерлік белсенділік индексі - кәсіпорындардың экономикалық көрсеткіштеріндегі нақты өзгерістер мен олардың болашақтағы өзгерістеріне қатысты сұрақтарға жауаптарының жиынтығын қамтитын құрама индекс.*
- *Қазақстан Ұлттық Банкі ай сайын нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындарға сауалнама жүргізеді*


Өндіріс




Қызмет көрсету



Құрылыс




Тау-кен өнеркәсібі




АЙМАҚТАР БОЙЫНША ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК ИНДЕКСІ

2022 жылғы сәуірдегі аймақтар бойынша ІБИ




2022 жылғы наурыз – сәуірдегі ІБИ динамикасы




Аймақтар бойынша іскерлік белсенділіктің жақсаруы 7 өңірде орын алды: Маңғыстау (**56,4**), Солтүстік Қазақстан (**55,6**), Павлодар (**53,6**), Батыс Қазақстан (**51,9**), Атырау (**51,3**), Жамбыл (**50,6**) облыстарында және Шымкент қаласында (**52,0**).

Іскерлік белсенділіктің нашарлауы 10 аймақта тіркелді: Алматы (**42,9**), Ақмола (**43,1**), Шығыс Қазақстан (**44,3**) облыстарында, Алматы қаласында (**46,1**), Қарағанды (**46,9**), Түркістан (**47,0**), Қостанай (**47,4**), Қызылорда (**48,9**), Ақтөбе (**49,4**) облыстарында, сондай-ақ Нұр-Сұлтан қаласында (**49,5**).


ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ САУДА СЕРІКТЕС ЕЛДЕРІНІҢ КОМПОЗИТТІК PMI ДИНАМИКАСЫ




Ресей




Қытай




Италия



Нидерланды



Түркия



06.05.2022ж. мәліметтер
Дереккөз: https://tradingeconomics.com;
https://www.markiteconomics.com
Түркия және Голландия бойынша өнеркәсіптегі PMI




БИЗНЕС-АХУАЛ ИНДЕКСІ

Бизнес-цикл «сағаты»

Бизнес-ахуалды бағалау

Ағымдағы және болашақ бизнес жағдайды бағалау, ЖТ*




**Жауаптар теңгерімі (ЖТ) - ағымдағы айдағы бизнес ахуалдың өзгерісі жайлы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Кәсіпорындар ұсынылған жауаптардың бірін таңдайды «жақсарды», «өзгерген жоқ» және «нашарлады». Үлестер салмақтанып есептелінеді.*

Индекс мәні 0 ден жоғары болса ахуалдың жақсарғанын, төмен болса нашарлағанын білдіреді.

2022 жылғы сәуірде кәсіпорындардың **ағымдағы** бизнес-жағдайларды бағалауы жақсарды, бірақ әлі де теріс болып қалуда, өйткені теріс өзгерісті атап өткен респонденттердің саны басым. Жауаптар теңгерімі (ЖТ)* **(-)3,5** құрады. Бұл көрсеткіш тек тау-кен өнеркәсібінде оң мәнге ие болды. Алдағы 6 айға қатысты **болашақ** бизнес-жағдайларды бағалау айтарлықтай жақсарды, наурыз айында геосаяси жағдай бойынша алаңдаушылыққа байланысты күрт төмендегеннен кейін жоғарылап **7,3** құрады.

Нәтижесінде бизнесті жүргізудің болашақ жағдайларына қатысты оптимизмнің өсуіне байланысты бизнес-цикл "сағатының" индикаторы көтерілу аймағына өтті.


Бизнес-цикл «сағаты»



IFO институтының **бизнес-цикл «сағаты»** экономиканың берілген уақытта циклдың қай фазасында болғанын көрсетеді. Оны құру үшін ағымдағы ахуалды (X осі бойынша) және болашақ ахуалды (Y осі бойынша) бағалау бойынша деректер қолданылады

БИЗНЕС-АХУАЛ ИНДЕКСІ (БАИ)


Экономика бойынша БАИ




Ағымдағы және болашақ бизнес-жағдайлардың орташа бағасы болып табылатын **бизнес-климат индексі**, әсіресе тау-кен өндіру өнеркәсібі кәсіпорындарында, бизнесті жүргізудің болашақ жағдайларына қатысты оптимизмі жақсаруы есебінен **1,8**-ге дейін (наурызда (-)10,8-ге дейін күрт төмендегеннен кейін) көтерілді.

Тау-кен өнеркәсібінде БАИ **5,8** құрады. Өндіріс пен құрылыста индекстер тиісінше **1,1** және **1,4** құрап, оң аймаққа көшті (наурызда тиісінше, (-)3,3 және (-)14,0 болған). Қызмет көрсету секторында индекс наурыздағы (-)6,9-дан сәуірде (-)0,3-ке дейін көтеріліп қалпына келуге жуық қалды, бірақ әзірше әлі де теріс аймақта.


Өндіріс




Құрылыс



Қызмет көрсету



Тау-кен өнеркәсібі



*БАИ, Ifo институтының әдістемесіне сәйкес, жауаптар балансының орташа геометриялық мәні


Бизнес-ахуал индексі (БАИ)
- Ағымдағы экономикалық жағдай (АЖ)
- Болашақ экономикалық жағдай (БЖ)

$$БАИ^* = \sqrt{(ЖТ(АЖ) + 200) * (ЖТ(БЖ) + 200)} - 200$$

ЖТ – жауаптар теңгерімі
АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай
БЖ – болашақтағы экономикалық жағдай

Бизнес жүргізуге ықпал ететін факторларды бағалау

Факторларды бағалау динамикасы, ЖТ*




**Жауаптар теңгерімі (ЖТ) - ағымдағы айдағы бизнес ахуалдың өзгерісі жайлы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық Индекс мәні 0 ден жоғары болса ахуалдың жақсарғанын, төмен болса нашарлағанын білдіреді.*

2022 жылдың сәуірінде бизнес-ахуал факторларын бағалауда теріс жауаптар басым болды. Дегенмен, факторлардың аздап жақсаруы байқалды. Салық жүктемесін бағалау және қаржы/кредиттерге қолжетімділік наурыз айымен салыстырғанда айтарлықтай өзгермей **(-)2,3** және **(-)9,7** құрады. Қалған факторлар (сұраныс, коммуникациялардың қол жетімділігі және бизнесті қорғау мәселелері) қалпына келуге бағыт алды.

Секторлар бойынша, респонденттердің бағалауына сәйкес, қызмет көрсету секторында және өндірісте сұраныс қалпына келе бастады, мұнда оң жауаптар басым болды. Сұраныстың төмендеуі құрылыста байқалды, онда сұраныспен қатар салық жүктемесінен басқа барлық факторлар нашарлады. Әсіресе өндіріс пен қызмет көрсету секторының кәсіпорындары салық жүктемесін теріс бағалады (тиісінше 9,1% және 6,2%).


2022 жылғы сәуірде факторлардың өзгерісін бағалау, жауаптар үлесі %




**Диаграммаларда бейтарап жауапты (өзгеріссіз) белгілеген кәсіпорындар үлесі көрсетілмеген*

ІРІКТЕМЕ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ


2022 ЖЫЛҒЫ СӘУІРДЕГІ РЕСПОНДЕНТТЕР САНЫ - 465 КӘСІПОРЫН




РЕСПОНДЕНТ КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ ӨЛШЕМДІК ҚҰРАМЫ




РЕСПОНДЕНТТЕР САЛАЛАР БОЙЫНША



СЕКТОРЛАРДЫҢ ҮЛЕСТІК САЛМАҒЫ



Секторлардың үлестік салмағы ЖІӨ-дегі салалық жалпы қосылған құн үлесі арқылы анықталады, және бірлестірілген индексті есептеу үшін қолданылады



Сурет: Владислав Воднев

Әдіснамалық түсіндірме

- ✓ Ақпарат нақты сектор мониторингіне қатысатын кәсіпорындардың ай сайынғы сауалнама нәтижелері бойынша дайындалған;
- ✓ Іскерлік белсенділік индексін есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) қолданылады. Ол оң жауаптар мен қалыпты жауаптар үлесінің жартысының қосындысы ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпы индикатор болып табылады;
- ✓ Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордан тазартылған;
- ✓ Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазарту мен ЖІӨ-дегі салалық жалпы қосылған құн үлесін қайта бағалау себібінен индекстердің мәні өзгеруі мүмкін.
- ✓ Бизнес - ахуал индексі мен бизнес-цикл «сағаты» Ifo институтының (Германия) әдістемесіне сәйкес жасалған.
- ✓ 2022 жылғы сәуірде тау-кен өнеркәсібі бөлек шығарылғандықтан, декертер қатары қайта есептелді.

Ақша-кредит саясаты департаменті
ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ